

Бекітемін
Ғылыми Кеңестің төрағасы
Қазақстан Республикасы ІІМ
М.Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институтының
бастығы
полиция полковнигі
С. Қарақұшев
2016 ж. «31» ас

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институты
Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспагерлік
жұмысын ұйымдастыру бөлімінің
Е Р Е Ж Е С І

1. Жалпы ережелер

1. Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспагерлік жұмысын ұйымдастыру бөлімі (ҒЗ және РБЖҰБ) Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе институтының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспагерлік жұмысын жүргізуді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. ҒЗжРБЖҰБ өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңдарын, Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе институтының Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

3. ҒЗжРБЖҰБ ғылыми, профессорлық-оқытушылық құрамның және тыңдаушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылайды.

4. Институтта ғылыми-зерттеу жұмысын (ҒЗЖ) бөлімшелер (факультеттер, кафедралар, бөлімдер, қызметтер және ҒЗжРБЖҰБ) жүргізеді. Мамандарды дайындаудың сапасын арттыру әрбір жетекшінің және оқытушының басты міндеті болуымен қатар, тәжірибе жинау және жоғары оқу орындары педагогикасының өзекті мәселелерін зерттеу мен дайындау да негізгі міндеттерінің бірі болып есептеледі.

5. Институтта ҒЗЖ Қазақстан Республикасы ІІМ-нің салалық қызметтері, аймақтық ішкі істер органының тапсырысы бойынша бірлестікте және Қазақстан Республикасы ІІМ ғылыми-зерттеу мекемелері, жоғары оқу орындарымен өзара тұрақты байланыста жүргізіледі.

6. Жоспарлы ғылыми жұмыстарды өткізуге тыңдаушылар тартылады. Тыңдаушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының (ТҒЗЖ) нысандары мен әдістерін арнайы Ереже анықтайды.

7. Институтта ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі міндеттері мыналар:
- заң және қоғамдық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша кешенді тақырыптар әзірлеу;
 - оқу үрдісін ғылым мен практиканың жетістіктерімен байыту, оқу үрдісінің және тыңдаушыларды оқыту сапасының тиімділігін жоғарылату;
 - қылмыспен күресті күшейтуге тиімді ішкі істер органы қызметтерінің өзекті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу;
 - жоғары оқу орындары педагогикасының мәселелерін зерттеуді ұйымдастыру;
 - ішкі істер органдары қызметінің практикасына зерттеліп болған жұмыстарды енгізу, оларды авторлық қолдау;
 - ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін көтеруге дайындау;
 - тыңдаушылардың ғылыми шығармашылығын дамыту, оларға зерттеу жұмыстарының дағдыларын қалыптастыру;
 - болашақ бағыттағы зерттеу жүргізуді ұйымдастыру;
 - басылымды редакциялауды және қолжазбаларға пікір жазуды жоғары ғылыми дәрежемен қамтамасыз ету, баспадан жарыққа дер кезінде шығаруға дайындық.

8. Институтта ҒЗЖ жоғары білікті мамандарды дайындауды есепке ала отырып, төмендегі негізгі бағыттарды жүзеге асырады:

- заң және қоғамдық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша кешенді тақырыптар әзірлеу;
- жоғары білім мәселелерін дайындау, оқу үрдісінің тиімділігін арттыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық зерттеулерді жүргізу;
- тәжірибеге және оқу үрдісіне ҒЗЖ енгізу;
- ғылыми еңбектер жинағын, оқу құралы және басқа да оқу-әдістемелік әдебиеттер: оқу және оқу-әдістемелік құралдар, монографиялар, анықтамалар, практикалық құралдар, ғылыми мақалалар, әдістемелік нұсқаулар, дәрістер жинағын дайындау;
- тыңдаушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары.

9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- кешенді ғылыми мәселелерді дайындауға қатысу;
- Қазақстан Республикасы ІІМ мен институттың ҒЗЖ жоспары бойынша тақырыптар әзірлеуге қатысу;
- ғылыми-тәжірибелік конференциялар, мәжілістер, семинарлар жұмыстарына қатысу, олардың нәтижелерімен алмасу;
- институттың Ғылыми кеңес жұмыстарына қатысу;
- жарыққа шығуға дайындалып жатқан материалдарды ғылыми редакциялау;
- жарыққа шығаруға жіберілген материалдарға сараптама жасау;
- осы Ереженің 1.7. т. көрсетілген негізгі бағыттары бойынша зерттеулер жүргізу.

2. ҒЗЖРБЖҰБ мақсаттары мен функциялары

10. Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспагерлік жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі төмендегідей қызметтік негізгі бағыттарды қамтамасыз етеді:

11. ПМ-нің салалық ғылыми бағдарламасының негізгі бағыттары бойынша, ПМ тапсырмасын, Институттың ҒЗЖ жоспарын, басылымның тақырыптық жоспарын, жүргізілген зерттеулердің сапасын қадағалап, оны тәжірибеге тез арада енгізуге ең алдымен ғылыми күштерді жұмылдыруда шара қабылдайды.

12. Институттың ҒЗЖ жоспарын дайындауды қамтамасыз етеді.

13. Институт бөлімшелерінің ҒЗЖ туралы есебін талдайды, ғылыми-зерттеу қызметінің қорытындысын шығарады, оларды жетілдіру туралы іс-шаралар жүргізеді.

14. ҒЗЖ жоспарындағы мәселелерді бірлесіп дайындау мақсатында кешенді зерттеулерді жүзеге асыруда, басқа жоғары оқу орындарымен, тәжірибелік органдармен байланыс жасайды, кешенді зерттеулерді жүзеге асырады, үздік үлгілермен алмасулар және ғылыми-зерттеулердің нәтижелерін ішкі істер органы тәжірибесі мен оқу үрдісіне енгізеді.

15. Халықаралық, жоғары оқу орындары арасындағы республикалық ғылыми конференциялар мен профессорлық-оқытушылық құрамының және тыңдаушылардың семинарын ұйымдастырады.

16. Оқу орнының қызметкерлері мен тыңдаушыларын басқа жоғары оқу орындары, мекемелері өткізетін ғылыми-тәжірибелік, теориялық конференцияларға, семинарларға қатысуға ұсынады.

17. Орналасқан ғимараттағы өрт қауіпсіздігін сақтауды бақылайды.

18. Бөлімдегі қызметкерлер арасында азаматтық қорғаныс жұмыстарын ұйымдастырады.

3. ҒЗЖРБЖҰБ құрылымы

19. ҒЗЖРБЖҰБ өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Президентінің Жарлықтарын, қолданыстағы заңдары, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің нормативтік актілерін, институттың Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

20. ҒЗ және РБЖҰБ-нің құрамына редакциялық-баспа тобы жатады:

ҒЗЖРБЖҰБ кадрлық құрамы:

1. Бөлім бастығы – 1 бірлік.
2. Бас маман – 1 бірлік.
3. Аға ғылыми қызметкер – 1 бірлік.
4. Инспектор – 2 бірлік.
5. Редактор – 1 бірлік.

4. ҒЗЖРБЖҰБ-ға басшылық

21. ҒЗЖРБЖҰ бөліміне жалпы басшылық етуді институт бастығының ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары, ал тікелей басшылық етуді – бөлім бастығы жүзеге асырады.

22. ҒЗЖРБЖҰБ бастығы бөлімнің жұмысына толық жауап береді және бөлімде дұрыс моральдік-психологиялық қарым-қатынастың болуын қадағалайды.

23. Ереже бір жылға құрастырылып, институт бастығымен бекітілген, институт ҒЗЖ жоспары мен бөлім жоспары бөлім қызметінің ұйымдастырушылық негізі болып табылады.

5. ҒЗЖРБЖҰБ қызметкерлерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

24. Институттың Ғылыми, Оқу-әдістемелік және Редакциялық-баспа кеңестеріне сайлануға құқылы.

25. Оқу әдістемесін жетілдіруге бағытталған оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және баспа қызметтеріне қатысты маңызды мәселелер мен сұрақтарды қарастыру;

26. Басылымнан шығарылатын жұмыстардың мазмұны мен рәсімдеу тәртібін нықтауға, институтта шығарылатын оқу, әдістемелік және ғылыми әдебиеттерге қолдану мақсатында баспа және дизайнер саласында жаңа әдістерді қолдану;

27. Редакциялық-баспа кеңесі (РБК) қолжазбаны бағалағаннан кейін авторға жұмысқа толықтырулар енгізуге, жабық сын-пікірге, қолжазбаны қабылдамауға және қолжазбаны баспадан шығару үшін редакциялауға ұсыным жасайды.

28. Оқу залдарын, кітапханалар мен әскери-спорттық ғимараттарды пайдалануға құқылы.

29. Институт кафедраларының ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмыстарын үйлестіру, сонымен қатар, оның сапалығына бақылау жасау;

30. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жылдық және алдағы жоспарларын әзірлеу, оның орындалуын жүзеге асыру, оларды іске асыру үшін кафедраларға көмек көрсету. Бөлімшелердің ҒЗЖ жоспарларының орындалу нәтижелерін жинайды және талдау жасап, ҚР ІІМ Ақтөбе заң институтының ҒЗЖ есебін дайындау;

31. Ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу жұмыстарын ұйымдастыру;

32. Институттың ғылыми жетістіктері туралы хабарламалық материалдар дайындауды ұйымдастыру және оларды оқу үрдісі мен тәжірибелік органдар қызметіне қолдануға мүмкіндік жасау;

33. Оқулықтар, оқу әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді редакциялау және баспадан басып шығаруды дайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

34. Бөлім бастығымен белгілеген іс-қағаздарын жүргізеді. Күпия режим талаптарын сақтауды қамтамасыз ету;

35. Жауынгерлік, қызметтік және дене дайындығы бойынша сабақтарға қатысу;

Өз қызметінің жоғары тиімділігіне, Ғылыми-зерттеу және тақырыптық жоспарларының орындалуына, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ПМ-нің, институт бастығының және институт бастығының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарының бұйрықтары мен нұсқаулықтарының орындалуына тікелей жауап береді.

6. ҒЗЖРБЖҰБ қызметіне бақылау жасау

37. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен тақырыптық жоспарларының, сонымен бірге, Қазақстан Республикасы ПМ-нің және Қазақстан Республикасы ПМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының бұйрықтары мен жарлықтарының орындалуын жалпы бақылауды институт бастығының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

38. ҒЗЖРБЖҰБ қызметінің жоғары тиімділігіне бөлім бастығы тікелей жауап береді.

**Ғылыми Кеңес мәжілісінде
қаралды және мақұлданды
2016 ж. «31» 05.
№ 17 хаттама**